

Ермеков есімін ескермесек елдігіміз қайсы

Жәнібек Әлиман

Қазақ жерлеріне күштеп қоныстандырылған орыс мұжықтарын көрген акын-жыраулар да қарап қалған жоқ. «Еділді тартып алғаны, етекке қолды салғаны. Жайықты тартып алғаны, жағаға қолды салғаны. Ойылды тартып алғаны, ойдағысы болғаны. Маңғыстаудың үш түбек, оны-дағы алғаны, қоныстың бар ма қалғаны? Самарқан мен Бұқарға арбасын сүйреп барғаны. Аңғарсаңыз, жігіттер, замананы тағы да, бір қырсықтың шалғаны» (Мұрат Мөңкеұлы). Халықтың осындай ашу-ызасы мен зарын өктем елдің шамына тимейтін саяси ой, саликалы тілмен жеткізіп, дипломатиялық жолмен шешкен Әлімхан Әбеуұлының рухына қалай тағзым етсе де, қарыздар қазақ жұрты. Соның аз ғана өтеуі ретінде, осы аймақтағы ордалы оқу орнының біреуіне Ермеков атын берсе, жетіп жатыр... Одан мәртебесі жоғарыламаса, түспек емес.

Халық комиссарлары кеңесінің мәжілісінде баяндама жасаған алашордашы Әлімхан Ермеков Қазақстан территориясын белгілеудегі пікірлерін бұлтартпас айғақтармен дәлелдеп шықты. Бірнеше күнге созылған даулы мәселеге төрағалық еткен Ленин қайта-қайта комиссия отырыстарын өткізіп, бақылайды. Отырыстар соңында, Ленин: «Қаулы дайын. Әлімхан Ермековтің қайта баяндама жасағаны дұрыс» – деп, тұжырады. Аллаға шүкір! Күні бүгінге дейін сол шекараны иемденіп, ен жайлап, еркін жүрміз. Бұл – 1920 жылдың 26 тамызы болатын. Ең болмаса, осы атаулы датаны «Қазақ елінің шекарасы бекіген күн» деп ұлттық мерекемізге айналдырсақшы... Осындай орасан істің басында әуелі Алла, одан кейін Алаштың Әлімханы тұр. Ол болмаса қайтер ек? Ат төбеліндей қазақ тоқымдай жерге таласып, тентіреп кетпесімізге кім кепіл?

Сол кездегі РК(б)П Орталық комитетінің мүшесі Г.И.Сафаров мәжіліс қызған шақта:

– Түркістандағы орыс кулактарын Ресейге қайта көшіру керек! – деп тұрып алады.

Ленин баяндама оқып тұрған Ермековке қарап:

– Сіз бұған қалай қарайсыз? – дейді. Әлекең сонда:

– Бұлай еткен жағдайда, екі жұрт арасында алакөздік пайда болуы мүмкін. Жергілікті қазақтарды атамекеніне дұрыстап қоныстандырып алғанша, Ресейден жаңа көшпелілер әкелуді тоқтата тұрған дұрыс – деп жауап береді. Мұны естіген Ленин:

– Гажап! Орталықтың өкілі, орыс коммунисті орыстарды қазақ жерінен көшіруді сұрады. Ал, партия қатарында жоқ қазақ тек көшті тоқтата тұрған дұрыс дейді. Ойланатын мәселе! – деп мәз болып, Ермековтің арқасынан қағады.

Астрахань жақтағы Каспий-Атырау жағасындағы бұғаз-шығанақты қазақ автономиясына қосу мәселесіне партияның сол кездегі өкілдері Ш.З.Элива, Н.П.Брюханов, Л.Н.Крестинский үзілді-кесілді қарсы шығады. Сондағы айтқандары: «Қазір Ресейде аштық. Мәскеу мен Петроград Атырау балығына зәру. Сондықтан, бұл алқапты РСФСР-ге қалдыру керек» деп тұрып алады.

Содан кейін Ленин Астрахань губерниялық атқару комитетінің председателінен:

– Қане, сіз айтыңызшы, Каспийдің теріскей жағасындағы бұғазды мекендейтін халықтың көпшілігі қазақ па, орыс па? – деп сұрады. Ол сонда:

– Владимир Ильич, қолымда дәлме-дәл санақ мәліметтері жоқ еді, – деп жалтақ жауап береді.

Ленин:

– Бізге ондағы халықтың нақты саны керек емес. Сіз шамамен Каспий жағалауындағы ел-жұрттың қайсының үлес салмағы көп, қайсы аз екенін айтыңыз? – деп тұрып алады. Астрахань өкілі мұндағы тұрғындардың көпшілігі қазақ екенін мойындайды. Ленин:

– Онда мен бұл мәселені дауысқа қоямын, – деп Каспий жағалауы мен Атырау аймағын болашақ Советтік Қазақ Автономиясына қайтарып беруді ұсынады.

Дау-дамай ұзаққа созылады. Сонда Әлімханның мәжілістен шығуын асыға күтіп отырған Алаш ардагерлері арасынан Ахмет Байтұрсынов мына бір сөзді айтқан екен: «Біздің Әлімханмен бес сағат сөз таластыруға шама-шарқы жеткен орыстың мына сақау адвокаты Владимир Ульянов адамзаттың төресі екен!» деп кесіп айтса керек.

Ленин мен Әлімхан Ермековтің көзбе-көз тілдесуінің нәтижесінде бүгінгі Атырау, кәрі Каспий өңірі Қазақстанның құрамына мәңгілік қосылды. Автономия мен территория мәселесі 14, 16-17 тамызда талқыланып, 24 тамызда тағы да Ленинді қатысуымен өткен ең соңғы шешуші мәжілісте түбегейлі бекітілді. Осы мәжілістерде жанын үшкіріп Әлімханның жанына қосып, мысымен де, демімен де демеп отырған Әлихан Бөкейханов: «Мен сен сөйлеп отырғанда көтеріліп-басылған жанартаудың үстінде отырғандай болдым. Сөйлегендегі жалының бетімді шарпыды», – деп баға берді. Автономия құру жөнінде Сталинмен ақылдасу керек деген А.Байтұрсынов, Т.Рысқұлов, Ә.Ермековке «Сталин не шешер дейсің? Оның не ойы, не білімі көлемді емес. Онда қанша бір жетіскен жоба бар?» деп жүре берген туысы бекзат төре тұқымының аузынан мұндай баға алған адамды дәріптеп жатудың өзі артық.

Ойды ой қозғап, бір нәрсе екіншісіне себеп болып жатады. Алашорда үкіметінің қайраткері, тұңғыш қазақ математигі, математика ғылымдарынан алғаш профессор атағын алған Әлімхан Ермеков атында

елімізде бірде бір жоғарғы оқу орны жоқ. Оқу орны былай тұрсын, туған жері Ақтоғайдан басқа жерде ескерткіші де жоқ. 1930 жылдан бастап, 25 жыл түрме, қуғын-сүргінде жүрген Алаш арысы 1955 жылы бәле-жаладан құтылып шығады. Туған топырағына оралған Ермеков осы жылдардан өмірінің соңына дейін Қарағанды тау-кен институтында (қазіргі ҚарМТУ) ұстаздық қызмет атқарды. Бұл оқу орны мұражайының жарты құлаш жерінен Әлімхан Ермековке арналған жәдігерлер қорына орын бұйырыпты. Онда «бұл жерде Әлекең 1955-1958 жылдары еңбек етті» деп көрсетілген. Ал, университеттің алдындағы мемориал тақтада 55-61 жылдар аралығында еңбек еткені нұсқалған. Қай уақыт аралығында істесе де, осы оқу орнына Әлімхан Ермеков атын берсе, жер бауырлап жатқан қазақ елінің рухы бір биікке көтеріліп сала берері сөзсіз. Себебі, Алаш ардақтысы, осы аймақ топырағында туған еліміздің тұңғыш математигі, әрі сол саланың бірінші профессоры һәм қазақ тіліндегі «Ұлы математика курсы» атты алғашқы оқулық кітаптың авторы. Саналы ғұмырын ұлт тағдырына сарп етіп, Қарағанды тау-кен институтына келіп, қазығын тапқаны тағы бар. Ресей қарамағына қарыс жер жібермей, мемлекет шекарасын бөліп алған еңбегі үшін **ҚарМТУ**-ды сол кісінің атымен атаған орынды болар еді. Еңсеміз көтеріліп, ерін жоқтар елдігіміз көрінсін сыртқа. Алаштың Әлімханы Қарағандысына жат болмаса керек-ті.

Қарағанды.